

## Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округінің "Дарханбек" шаруа қожалығы аумағында карантин белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 134 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 желтоқсанда № 7780 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 2 ақпандағы № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің 02.02.2021 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 2-14/156 ұсынысы негізінде, Ойыл ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :**

1. Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округінің "Дарханбек" шаруа қожалығы аумағында мүйізді ірі қара малдары арасынан қарасан ауруының анықталуына байланысты карантин белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ойыл ауылдық округінің әкімі*

*С. Даулеткалиев*